

**Жоғары және жоғары білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлаудың 2018 - 2019 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы**

Қарағанды облысының әкімдігінің 2018 жылғы 24 шілдедегі № 37/02 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 2 тамызда № 4886 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" заңдарына сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жоғары және жоғары білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлаудың 2018-2019 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулының 1 және 2 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. "Қарағанды облысының білім басқармасы", "Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемелері осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қарағанды облысының әкімі*

*Е. Қошанов*

Қарағанды облысы әкімдігінің  
2018 жылғы "24" шілдедегі  
№ 37/02 қаулысына  
1 қосымша

**2018-2019 оқу жылы күндізгі оқу нысаны бойынша мамандықтар бөлінісінде жоғары білімді мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы ( жергілікті бюджет есебінен)**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі – "Қарағанды облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі

реті	Жоғарғы білім мамандығының коды	Мамандықтың атауы	2018-2019 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі (күндізгі )	Оқу жылы 1 студенттің оқуына орташа есеп (мың теңгемен)	
				2018 жылғы 4 айға	2019 жылғы 8 айға
1	2	3	4	5	6
Білім					

1	5B010200	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	5 (қысқартылған оқу)	147,8	295,5
2	5B010500	Дефектология	5	147,8	295,5
3	5B010900	Математика	5	147,8	295,5
4	5B011000	Физика	5	147,8	295,5
5	5B012800	Физика-Информатика	5	147,8	295,5
6	5B011900	Шетел тілі: екі шетел тілі	5 (қысқартылған оқу)	147,8	295,5
7	5B012500	Химия-Биология	5	147,8	295,5
8	5B012900	География-Тарих	5	147,8	295,5
Барлығы			40		
Техникалық ғылымдар және технологиялар					
9	5B100200	Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері	5	115,5	231,1
10	5B070800	Мұнай-газ ісі	5	211,9	423,9
Барлығы			10		
Барлығы			50		

Қарағанды облысы әкімдігінің  
2018 жылғы "24" шілдедегі  
№ 37/02 қаулысына  
2 қосымша

## 2018-2019 оқу жылы күндізгі оқу нысаны бойынша мамандықтар бөлінісінде жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы (жергілікті бюджет есебінен)

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысының әкімдігінің 22.08.2018 № 45/01 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі – "Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі

№	Жоғарғы білім мамандығының коды	Мамандықтың атауы	2018-2019 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі (күндізгі)	Оқу жылы 1 студенттің оқуына орташа есеп (мың теңгемен)	
				2018 жылғы 4 айға	2019 жылғы 8 айға
1	2	3	4	5	6
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)					
1	6R112600	Анестезиология және реаниматология, оның ішінде балалардың	3	271,8	543,7
2	6R114400	Акушерлік және гинекология, оның ішінде балалардың	5	271,8	543,7

3	6R114300	Неонатология	2	271,8	543,7
Барлығы			10		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК